

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының №48 санаторлық сәбилер» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын Мемлекеттік тілде оқытылатын дене шынықтыру мұғалімі орналасуға ашық конкурс жариялайды:

№	Бос орын лауазымы	Жүктеме көлемі	Оқытылу тілі	МДҰ мекен-жайы	Байланыс телефондары электронды адресі	Конкурстың кезеңі	Жалақының көлемі	мерзімі
1	Дене шынықтыру мұғалімі	0,5	қазақ	Павлодар қаласы, С.Нұрмағамбетов к 128/1	тел.50-50-71, э/пошта: sadpvl48@gmail.com	01.09.2026-10.09.2026	90,000-95,000	

Конкурс: ҚР БҒМ 2012 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог лауазымына орналасуға конкурс өткізу тәртібі туралы» бұйрығы негізінде.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны: 01.09.2026-10.09.2026
Павлодар қаласы, С.Нұрмағамбетов к 128/1

Конкурс кезеңдері:

- 1) конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялау;
- 2) конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдардан құжаттарды қабылдау;
- 3) үміткерлердің құжаттарының педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген Біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау;
- 4) конкурстық комиссиясының отырысы;

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің мерзімі мен орны: Бұқаралық ақпарат құралдарында хабарландыру шыққан күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде бос лауазымға орналасуға құжаттар Павлодар қаласы, С.Нұрмағамбетов к 128/1, «Павлодар қаласы №48 санаторлық сәбилер бақшасы» КМҚК қабылданады (электрондық пошта арқылы немесе қағаз түрінде).

Біліктілік талаптары: тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе тиісті бейін бойынша педагогикалық қайта даярлауды немесе техникалық және кәсіптік білім беруді растайтын құжат, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды;

Лауазымдық міндеттері. Балалардың денсаулығын сақтау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: тәрбиеші қызметінің денсаулық сақтау функциясын атқарады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оқу қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық ортаны қалыптастырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс,

көркемөнер, еңбекке баулу және т.б.) жетекшілік етеді. Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелей және бағыттық жағынан қарайды.

Тәрбиелеудің инновациялық технологиясын және оқытудың отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шұғылданады.

Ата-аналардың мектепке дейінгі бала тәрбиесі мен оқыту барысында туындаған сұрақтарына жауап беріп, көмек көрсетеді. Балалардың құқықтары мен қызығушылықтарын қорғайды. Компьютерлік сауаттылықты және ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті жақсы меңгереді.

Лауазымдық жалақының мөлшері дене шынықтыру мұғалімі еңбек өтіліне, біліміне байланысты 90,000 – 95,000 теңгеге дейін.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) **сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератордан төмен емес қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік** (бар болса);
- 11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады;
- 12) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған **Бағалау парағы**;

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары: 8 (7182) 50-50-71, э/пошта: sadpvl48@gmail.com

Конкурс
Жариялаған
мемлекеттік орган

кандидаттың Т.А.Ә. (болған жағдайда), ЖСН

(лауазымы, жұмыс орны)

Нақты тұратын жері, тіркелген мекенжайы, байланыс телефоны

Өтініш

Мені бос/уақытша бос лауазымға орналасуға арналған конкурсқа жіберуіңізді сұраймын (керегінің астын сызу керек)

білім беру ұйымдарының атауы, мекенжайы (облыс, аудан, қала / ауыл) Қазіргі уақытта жұмыс істеймін

лауазымы, ұйымның атауы, мекен-жайы (облыс, аудан, қала / ауыл) Өзім туралы мынадай мәліметтерді хабарлаймын:

Білімі: жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі

Оқу орнының атауы	Оқу кезеңі	Диплом бойынша мамандығы

Біліктілік санатының болуы (берген (растаған) күні):

Педагогикалық жұмыс өтілі: _____

Келесі жұмыс нәтижелерім бар: _____

Наградалары, атақтары, дәрежесі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, сондай-ақ қосымша мәліметтері (болған жағдайда)

20 _____ жылғы « _____ » _____

(қолы)

Бос немесе уақытша педагог бос лауазымына үміткердің бағалау парағы

(Т.Ө.А. (бар болса))

№	Өлшемшарттар	Растайтын құжат	Балл сандары (1-ден 20-ға дейін)	Баға
1	Білім деңгейі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	- техникалық және кәсіби = 1 балл - жоғары күндізгі = 2 балл - жоғары күндізгі үздік = 3 балл - магистр = 5 балл - жоғары сыртқы/қашықтан = минус 2 балл	
2	Ғылыми/академиялық дәрежесі	Білімі туралы дипломның және дипломға қосымшаның көшірмелері	- PhD-доктор = 10 балл - ғылыми доктор = 10 балл - ғылыми кандидат = 10 балл	
3	Жұмыс өтілі жоқ үміткерлер үшін сертификаттау	Сертификат	«педагог» біліктілік санаты - 5 балл	
4	Біліктілік санаты	Куәлік, басқа құжат	- екінші санат = 1 балл - бірінші санат = 2 балл - жоғары санат = 3 балл - педагог-модератор = 3 балл - педагог-сарапшы = 5 балл - педагог-зерттеуші = 7 балл - педагог-шебер = 10 балл	
5	Әкімшілік және әдістемелік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	Еңбек кітапшасы/ еңбек қызметін растайтын басқа да құжат	- әдіскер (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 1 балл; - директордың орынбасары (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 3 балл; - директор (лауазымдық жұмыс өтілі кемінде 2 жыл) = 5 балл;	
6	Алғаш рет жұмысқа тұрған педагогтер үшін	Білімі туралы дипломның қосымшасы	педагогикалық/ кәсіби тәжірибенің нәтижелері - «өте жақсы» = 1 балл - «жақсы» = 0,5 балл	
7	Бұрынғы жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) немесе оқу орнынан ұсыныс хат	Ұсыныс хат (конкурсты өз бетінше жариялаған білім беру ұйымы соңғы жұмыс/оқу орны бойынша ұйымға/оқу мекемесіне өтініш жасайды)	- оң ұсыныс хатының болуы = 3 балл - теріс ұсыныс хатының болуы = минус 3 балл	
8	Кәсіби жетістіктерінің көрсеткіштері	- дипломдар, білім алушылардың олимпиадалар және конкурстар, ғылыми жобалар бойынша жеңімпаздардың грамоталары; - дипломдар, мұғалімнің олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздарының грамоталары; - мемлекеттік награда	- олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары = 0,5 балл - ғылыми жобалардың = 1 балл - олимпиадалар және конкурстар жеңімпаздары = 3 балл; - «Үздік педагог» конкурсына қатысушы = 1 балл - «Үздік педагог» конкурсының жеңімпазы = 5 балл - «Қазақстан еңбек сіңірген ұстазы» медаль иегері = 10 балл	
9	Әдістемелік қызметі	- авторлық шығармалары, басылымдары	- ҚР БҒМ тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 5 балл - РОӘК тізбесіне енген оқулықтар мен (немесе) ОӘК авторы немесе бірлескен авторы = 2 балл	

			- Ғылым, сабақ тәжірибесіне енгізілген ғылыми-зерттеу қызметі бойынша жарияланымның болуы - 3 балл	
10	Қоғамдық-педагогикалық қызметі	Қоғамдық-педагогикалық қызметін растайтын құжат	- тәлімгер = 0,5 балл - ӨБ басшысы = 2 балл - екі тілде сабақ беру, орыс/қазақ = 2 балл; шетел/орыс немесе шетел/қазақ = 3 балл, - үш тілде сабақ беру (қазақ, орыс, шетел) = 5 балл	
11	Курстық дайындық	- пәндік дайындық сертификаттары; - цифрлық сауаттылық, - KAZTEST, IELTS; TOEFL; DELF сертификаттары; - Goethe Zertifikat, «Python тілінде бағдарламалау негіздері» программалары бойынша оқыту, - «Microsoft» Курсера жұмыстарына оқыту; - Халықаралық курстар: TEFL Cambridge «CELTA (Certificate in Teaching English to Speakers of Other Languages)» CELT-P (Certificate in English Language Teaching – Primary) DELTA (Diploma in Teaching English to Speakers of Other Languages) CELT-S (Certificate in English Language Teaching – Secondary) «TKT Teaching Knowledge Test» Certificate in EMI Skills (English as a Medium of Instruction) Teacher of English to Speakers of Other Languages (TESOL) «TESOL» Certificate in teaching English for young learners International House Certificate in Teaching English as a Foreign Language (IHC) IHCYLT - International House Certificate In Teaching Young Learners and Teenagers Becoming a Better Teacher: Exploring Professional Development Assessment for Learning: Formative Assessment in Science and Maths Teaching Online Teaching for Educators: Development and Delivery Educational Management Key Ideas in Mentoring Mathematics Teachers - Курсы на платформе Coursera, Futute learn Teaching Mathematics with Technology Special Educational Needs «Developing expertise in teaching chemistry»	- ПШО, НЗМ, «Өрлеу» курстары = 0,5 балл - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығына сәйкес тізбеге енгізілген біліктілікті арттыру ұйымдары іске асыратын білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген бағдарламалар бойынша біліктілікті арттыру курстары (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30068 болып тіркелген) = 0,5 балл (әрқайсысы бойынша жеке)	
12	Мемлекеттік білім беру гранты бойынша білім алған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының	- Мемлекеттік білім беру гранты иегерінің сертификаты, келісім-шарты	3 балл қосылады	

«Серпін» мемлекеттік бағдарламаларының қатысушысы, Жұмыспен қамту орталығы жастар тәжірибесі бойынша жіберілген педагог

Барлығы: